«Құрылыс/реконструкциялау жобаларын әзірлеу кезінде электрмен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар ұсыну»
қызметін алу бойынша
# НҰСҚАУЛЫҚ

## 1. ТШ дегеніміз не

Техникалық шарттар (ТШ) – барлық коммуникацияларға: электр, газ және жылу желілеріне, су құбыры мен кәрізге және т.б. қосылуға рұқсат алу үшін қажетті құжат. Техникалық шарттар салынып жатқан объектіге, оны жобалау, құрылыс салу және пайдалану ерекшеліктеріне қойылатын талаптар мен техникалық нормалардың кешені болып табылады.

### Көрсетілетін қызмет туралы негізгі мәліметтер

| Параметрі | Мәні |
|---|---|
| **Көрсетілетін қызметтің атауы** | Құрылыс/реконструкциялау жобаларын әзірлеу кезінде электрмен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар ұсыну |
| **Өтінім беру порталы** | МҚҚК ААЖ (Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі) |
| **Порталдың мекенжайы** | https://gov.ggk.kz |
| **СЖТ түрі** | Жаңа құрылыс / реконструкциялау үшін |
| **Құны** | Тегін (мемлекеттік көрсетілетін қызмет) |

Қызметті өтініш беруші МҚҚК ААЖ порталы арқылы өзінің жеке ЭЦҚ пайдалана отырып, дербес түрде береді.

## 2. Қажетті талаптар

### Алғышарттары:

- Өтініш берушінің МҚҚК АЖ порталында тіркелген жеке кабинеті болуы тиіс;
- Компьютерде NCALayer бағдарламасы орнатылған болуы керек (ЭЦҚ-мен жұмыс істеу үшін);
- ЭЦҚ-ның мерзімі өтпеген, қолданыста болуы тиіс.

## 3. Өтінім беру бойынша қадамдық нұсқаулық

### 1-қадам. МҚҚК ААЖ порталына өту

– Веб-браузерді ашу (Google Chrome немесе Mozilla Firefox ұсынылады).

– Мекенжай жолына МҚҚК ААЖ порталының https://gov.ggk.kz мекенжайын енгізіп, басты бетке өту.




### 2-қадам. Порталда авторизациядан өту

Басты бетте «Кіру» түймесін басыңыз. Авторизация түрі ашылады. Порталда авторизациядан өтудің 3 тәсілі бар: ЭЦҚ пайдалану арқылы кіру, пайдаланушының логині мен құпия сөзін енгізу және eGov порталы арқылы кіру.

eGov порталы арқылы кірген кезде осы порталдың беті ашылады. Кіру тәсілін таңдап, авторизациядан өту қажет.



**2-тәсіл — Вход по ИИН и паролю:**

1. «ЖСН» өрісіне жеке сәйкестендіру нөмірін (12 цифр) енгізіңіз.
2. «Құпия сөз» өрісіне жеке кабинеттің құпия сөзін енгізіңіз.
3. «Кіру» түймесін басыңыз.

**3-тәсіл — ЭЦҚ пайдалану арқылы кіру:**

4. Компьютерде NCALayer бағдарламасының қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
5. ЭЦҚ арқылы кіру түймесін басыңыз.
6. ЭЦҚ кілт файлын (AUTH_RSA...) таңдап, кілттің құпия сөзін енгізіңіз.
7. Кіруді растаңыз.




**3-қадам. Көрсетілетін қызметті іздеу және таңдау**

8. Жеке кабинетке кіргеннен кейін порталдың басты мәзіріндегі «Көксетілетін қызметтер» бөліміне өтіңіз.
9. Қызметтер каталогынан “Электрмен жабдықтау желілеріне қосылуға техникалық шарттар ұсыну” қызметін таңдау




Әрі қарай, сіз тиісті аумақты таңдауыңыз керек.




## 4-қадам. Өтінімді толтыру және беру

### 4.1. Өтінім өрістерін толтыру

Нысанның міндетті өрістерін толтыру қажет. Нысан келесі блоктардан тұрады:

– «Өтініш беруші туралы мәліметтер» — деректер профильден автоматты түрде толтырылады (Т.А.Ә., ЖСН, байланыс мәліметтері). Тексеру және қажет болған жағдайда түзетулер енгізу қажет.

  Төмендегі өрістер толтырылады:
  “Өтініш берушінің ЖСН/БСН-і” - міндетті өріс, автоматты түрде толтырылады

“Телефон нөмірі” - міндетті өріс, қолмен толтырылады
“ Т.А.Ә.” - міндетті өріс, автоматты түрде толтырылады
“Мекенжайы” - міндетті емес өріс, автоматты түрде толтырылады

– Техникалық шарттарды беру қажеттілігі - анықтамалықтың ұсынылған нұсқаларынан таңдау қажет

– «Объект туралы мәліметтер» — Жер учаскесі туралы деректерді толтыру қажет

ЖУ кадастрлық нөмірі - міндетті өріс, қолмен толтырылады (Жер учаскесінің кадастрлық нөмірін енгізген кезде картада жер учаскесінің геометриясы автоматты түрде тартылады)
Облыс - міндетті емес өріс, қолмен толтырылады
Елді мекен - анықтамалықтан таңдалады
Шағын аудан/көше - міндетті емес өріс, қолмен толтырылады
ӘАОС - міндетті емес өріс, қолмен толтырылады
Қабаттылығы - міндетті өріс, қолмен толтырылады
Күрделілік түрі - міндетті өріс, анықтамалықтан таңдалады
Объектінің мекенжайы - міндетті өріс, қолмен толтырылады
ТШ алуға негіздеме - ұсынылған нұсқалардан таңдау керек
Жер учаскесінің нысаналы тағайындалуы - міндетті емес өріс, автоматты түрде толтырылады
ЖУ мекенжайы - міндетті емес өріс, автоматты түрде толтырылады
ЖУ МТК коды - міндетті емес өріс, автоматты түрде толтырылады
Құқық иеленуші туралы ақпарат - міндетті емес өріс, автоматты түрде толтырылады
Жобаланып жатқан объектінің атауы - міндетті емес өріс, қолмен толтырылады
Объектінің функционалдық тағайындалуы - міндетті өріс, анықтамалықтан таңдалады
Объект түрі - міндетті өріс, анықтамалықтан таңдалады
Мәлімделген қуат, кВт - міндетті өріс, қолмен толтырылады
Кернеу деңгейі (қосылатын қондырғының номиналды кернеуі), Кв - міндетті өріс, қолмен толтырылады
Электрмен жабдықтаудың сенімділік санаты - міндетті өріс, ұсынылған нұсқалардан таңдалады
Қосалқы тұтынушылардың тізбесі және олардың электр қондырғыларының сипаттамалары - міндетті өріс, қолмен толтырылады

## 4.2. Картамен жұмыс:

Жер учаскесінің геометриясын тартқаннан кейін жобаланған құрылыс объектісін салу, сондай-ақ электрмен жабдықтау көзін көрсету қажет







Әрі қарай дербес деректерді өңдеуге келісім беру керек

Бұл операцияны “Қызмет көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін. Ұсынылған

құжаттардың түпнұсқалығы үшін құқықтық жауапкершілікті өз мойныма аламын” деген мәтіні бар чекбоксқа құсбелгі қою арқылы жүзеге асыруға болады.




## 4.3. Құжаттарды тіркеу және өтінішті қалыптастыру

10. Файлдарды жүктеу бөлімінде қажетті құжаттарды (Жеке куәлік / Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, Құқық белгілейтін құжаттар, Сауалнама парағы) тіркеу қажет.
11. «Келесі қадамға өту» батырмасын басу керек — жүйе өтініш құжатын автоматты түрде жасайды.

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының біріңғай инфрақұрылымдық деректер геоақпараттық порталы
Единый геоинформационный портал инфраструктурных данных государственного градостроительного кадастра

Өтініш нөмірі / Номер заявления: 3137
Өтініштің жіберілген күні / Дата отправки заявления: 2026-04-09

Наименование юридического лица: test_org_1
БИН: 123412341234
Адрес: Тестовый адрес организации
Контактный телефон: +7777777777

**Заявление о выдаче технических условий на подключение к сетям электроснабжения**

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Необходимость выдачи технических условий | на временное электроснабжение (период строительства) |
| 2. | Кадастровый номер | 01:011:016:2817 |
| 3. | РКА | |
| 4. | Область | |
| 5. | Населенный пункт | Айдарлинский с.о. |
| 6. | Микрорайон/улица | |
| 7. | КАТО: | |
| 8. | Адрес объекта | Акмолинская область, Целиноградский район, Косшынский а/о, а. Косшы, мкр. 19, уч. 53 |
| 9. | Наименование объекта | гшшшшщшщз |
| 10. | Тип объекта | қайта жаңартылатын |
| 11. | Основание для получения ТУ | изменения схемы внешнего электроснабжения |
| 12. | Заявленная мощность, кВт/ч | 45 кВт/ч |
| 13. | Уровень напряжения (номинальное напряжение присоединяемой установки), кВт | 45 кВт |
| 14. | Категория надежности электроснабжения | II категория |
| 15. | Перечень субпотребителей и характеристики их электроустановок | 42 |

В целях соблюдения действующего законодательства РК о персональных данных и их защите требуется обязательное согласие услугополучателя

Даю согласие на сбор и обработку моих персональных данных, необходимых для оказания услуги. Несу правовую ответственность за подлинность представленных документов.

**ЭЦҚ қол қойылды/Подписано ЭЦП**

Құжат түпнұсқалығын https://ezsigner.kz/ сайтының “Құжатты тексеру” бөлімінде CMS файлды жүктеу арқылы тексеруге болады https://ezsigner.kz/#!/checkCMS

Подлинность документа возможно проверить на сайте https://ezsigner.kz/ в разделе “Проверить документ” загружая CMS файл https://ezsigner.kz/#!/checkCMS

### 4.4. Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою

Қол қоймас бұрын NCALayer бағдарламасының қосулы екеніне көз жеткізіңіз.

12. «ЭЦҚ-мен қол қою» түймесін басыңыз.
13. Ашылған NCALayer терезесінде қол қою кілтін (GOST_RSA немесе RSA) таңдаңыз.
14. ЭЦҚ кілтінің құпия сөзін енгізіп, қол қоюды растаңыз.
15. Қол қою сәтті аяқталғаннан кейін «Өтінімді аяқтау» түймесін басыңыз.



### 5-қадам. Өтінімнің мәртебесін қадағалау

16. Жеке кабинетте «Менің өтінімдерім» бөліміне өтіңіз.
17. Тізімнен жіберілген өтінімді табыңыз — ол «Өңделуде» мәртебесімен көрсетіліп тұрады.
18. Толық ақпаратты және ағымдағы өңдеу барысын көру үшін өтінімнің үстінен басыңыз.
19. Өтінімді қарау аяқталғаннан кейін оның мәртебесі өзгереді, ал дайын ТШ құжаты «Мақұлданған» / «Қайтарылған» (бас тартылған жағдайда) қойындысында пайда болады.



20. Үш нүктені басып, «Өтінім мониторингі» бөлімін таңдау арқылы өтінімнің қазіргі мәртебесін көруге болады.






«Өтінім нәтижесі» батырмасының көмегімен осы өтінімге қатысты барлық құжаттар қолжетімді болады







## Жиі кездесетін мәселелер және оларды шешу жолдары

| Мәселе | Шешімі |
|---|---|
| Жүйеге кіру мүмкін болмады | ЖСН мен құпия сөздің дұрыс енгізілгенін тексеру. ЭЦҚ мерзімінің өтіп кетпегеніне көз жеткізу. Порталдағы арнайы нысан арқылы құпия сөзді қалпына келтіріп көру. |
| NCALayer іске қосылмайды / ЭЦҚ анықталмайды | NCALayer бағдарламасының орнатылғанына және қосулы екеніне көз жеткізу. NCALayer бағдарламасын іске қосқаннан кейін браузерді қайта жүктеп көру. |
| ЭЦҚ-мен қол қою кезіндегі қателік | ЭЦҚ-ның қолданыс мерзімін тексеру. Қолтаңба кілті (аутентификация кілті емес) пайдаланылғанына көз жеткізу. |
| Өтінім «Менің өтінімдерім» бөлімінде көрсетілмейді | Бетті жаңарту. Өтінімнің сәтті жіберілгенін тексеру (экранда сәтті жіберілгені туралы хабарлама шығуы тиіс). |

## Анықтама үшін байланыс мәліметтері

МҚҚК ААЖ порталының жұмысында техникалық мәселелер туындаған жағдайда өтініш беруші мына мекенжайларға жүгіне алады:

- МҚҚК ААЖ порталының техникалық қолдау қызметіне (+ 7 707 858 32 10);
- Сәулет және қала құрылысы жөніндегі жергілікті уәкілетті органға;
- Мемлекеттік қызметтердің бірыңғай байланыс орталығының нөміріне: 1414.